



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ


АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 25 қыркүйек

БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметтің 2018 жылғы тамызға қысқаша шолу


Жалпы портфель. Сақталуын және кірістілігін қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық портфельді әртараптандыру мақсатында БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясына сәйкес зейнетақы активтері валюталар, елдер, секторлар мен эмитенттер бойынша қаржы құралдарының әр түріне инвестициялайды.

2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің көлемі **8 800,7 млрд теңгені**, оның ішінде теңгеде номинирленген ақша қаражаты және қаржы құралдары **5 947,1 млрд теңгені** немесе 67,6%-ды құрады, шетел валютасында номинирленген – **2 853,6 млрд теңгені** немесе 32,4%-ды құрады.



Теңгеде номинирленген зейнетақы активтері портфелі. БЖЗҚ теңгеде номинирленген зейнетақы активтері Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңесі жыл сайын мақұлдайтын бағыттар шеңберінде ғана инвестицияланады. 2018 жылы аталған Кеңес Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу, портфельді әртараптандыру үшін шетел валютасын сатып алу, халықаралық қаржы ұйымдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, екінші деңгейдегі банктердің және басқа да корпоративтік қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарын сатып алу сияқты БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау бағыттарын мақұлдады.

Көлеңкелі портфелінің құрылымы



Инвестициялар. 2018 жылғы тамызда теңгеде номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **51,4 млрд теңгені** (ақша нарығы құралдарына инвестицияларды ескермегенде¹), оның ішінде:

– орташа кірістілігі жылдық 8,4%-бен 48 млрд теңге сомаға ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды;

– экономиканы қолдау үшін ҚР екінші деңгейдегі банктерді 200 млрд теңге сомаға қаржыландыру бойынша жарияланған бағдарлама шеңберінде кірістілігі жылдық 12,0%-бен 3,4 млрд теңге сомаға «ЦентрКредит Банкі» АҚ-тың облигациялары сатып алынды.

Қаралып отырған кезеңде теңгемен еркін ақшалай қаражат сондай-ақ ақша нарығының қысқа мерзімді құралына орналастырылды. Бұл ретте осы инвестициялар инвестициялаудың стратегиялық мақсаты болып табылмайды және зейнетақы активтерінің кірістілігін қолдау үшін ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде жүзеге асырылады.

Өтеу және сату. 2018 жылғы тамызда бағалы қағаздар проспектілерінде орнатылған мерзімдерге сәйкес «Атамекен-Агро» АҚ және «ҚИК» ИҰ» АҚ 9,8 млрд теңге жалпы сомаға негізгі борышты өтеді.

Қаралып отырған кезеңде екінші деңгейдегі банктердің бастамасы бойынша банктік салым шарттарында белгіленген талаптарға сәйкес депозиттер бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын 11,4 млрд теңге сомаға ішінара өтеу, оның ішінде «Qazaq Banki» АҚ-қа орналастырылған 3,1 млрд теңге сомаға шартты салымның бөлігін «Bank RBK» Банкі» АҚ-тағы депозитке аудару есебінен жүргізілді.


Есепті кезеңде бағалы қағаздар сатылған жоқ.

Шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.

Шетел валютасында номинирленген БЖЗҚ зейнетақы активтері БЖЗҚ Инвестициялық декларацияда белгіленген валюталық активтерді инвестициялаудың жалпы құрылымына және стратегиясына сәйкес инвестициялайды.

¹ ҚРҰБ ноттары мен депозиттері, ҚР МБҚ кепілге бере отырып «Валюталық своп» және «Кері репо» операциялары

Валюталық портфель құрылымы



Инвестициялар. 2018 жылғы тамызда шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **313,6 млрд теңге** болды, оның ішінде:

- орташа кірістілігі жылдық 2,1%-бен 224,8 млрд теңге сомаға АҚШ-тың қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды;
- орташа алынған кірістілігі жылдық 5,2%-бен 19,9 млрд теңге сомаға АҚШ долларында номинирленген Ресей Федерациясының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары;
- орташа алынған кірістілігі жылдық 5,1%-бен 20,4 млрд теңге сомаға АҚШ долларында номинирленген Мексиканың ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары;
- орташа алынған кірістілігі жылдық 4,7%-бен 28,5 млрд теңге сомаға АҚШ долларында номинирленген Индонезия мен Мексиканың квазимемлекеттік секторының шетелдік эмитенттерінің облигациялары.

Дамушы елдердің эмитенттерінің бағалы қағаздарына жүзеге асырылған инвестициялар шеңберінде «BB+» деңгейіндегі ең төменгі кредит рейтингі бар Индонезияның квазимемлекеттік сектордың 3 эмитентінің еурооблигациялары және «BBB+» ең төменгі кредит рейтингі бар Мексиканың квазимемлекеттік секторы 1 эмитентінің еурооблигациялары сатып алынды. Аталған бағалы қағаздардың эмитенттерін 100% мемлекет бақылайды.

Еурооблигацияның әрбір шығарылымын сатып алудың үлесі аз және әрбір шығарылым айналысындағы көлемнен 0,3%-дан бастап 2,3%-ға дейінгі құрайды. Еурооблигациялардың жоғарыда көрсетілген шығарылымдары ірі инвестициялық қорлар JPMorgan компаниясы бақылайтын дамушы елдердің EMBIG (Emerging Markets Bond Index Global) облигацияларының танымал және неғұрлым жаңартылатын индексі кіреді.

Эмитент	ISIN	Эмитенттің ең төменгі рейтингі	Айналыстағы шығарылымнан сатып алу үлесі, %	Сала
Pelabuhan Indonesia III	USY7140DA B65	BB+	1,94%	Индонезиядағы порттар мен айлақтарды басқаруға, реттеуге, оларға қызмет көрсетуге және пайдалануға жауапты мемлекеттік корпорация. Корпорация теңіз порттарына иелік етеді және олардың басқарады. Компания тасымалдаулардың, өзен және теңіз тасымалдауларының және өзге де ілеспе қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ айлақтарды жабдықтаумен айналысады.
Perusahaan Listrik Negar	US71568QA C15	BBB	1,53%	Индонезияда электр энергиясын бөлуге арналған монополияға ие, сондай-ақ электрмен жабдықтау жүйелерін жобалаумен және құрастырумен айналысатын мемлекеттік корпорация.
	US71568QA E70	BBB	2,30%	
Pertamina Persero PT	USY7138AA E02	BBB-	0,31%	Кен орындарын барлау, мұнай, газ және геотермалдық энергия бұрғылау, өндіру және тасымалдау қызметтерін ұсынатын, сондай-ақ Индонезияда клиенттерге қызмет көрсете отырып энергияның жаңартылатын көздері саласындағы жобаларды басқаратын мемлекеттік мұнай газ компаниялары.
Banco Nacional Com Ext	USP14517A A73	BBB+	1,90%	Өнімді халықаралық нарықтарға экспорттайтын шағын және орта компанияларды қолдау және қаржыландыру үшін 1937 жылы құрылған Мексиканың Мемлекеттік банкі.

Өтеу және сату. 2018 жылғы тамызда белгіленген мерзімдерге сәйкес АҚ Үкіметінің МБҚ бойынша **105,9 млрд теңге** сомаға негізгі борыш өтелді.

Есепті кезеңде 3,6 млрд теңге сомаға АҚШ Үкіметінің МБҚ сатылды.

Инвестициялық қызметтің нәтижелері. 2018 жылғы 8 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **619,4 млрд теңгені** құрады.

Бұл ретте 2018 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылар) үшін зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігі (2017 жылғы қыркүйектен бастап 2018 жылғы тамыз аралығы) 6,0% мөлшеріндегі инфляция болған кезде **9,5%-ды** құрады. Осылайша, соңғы 12 айда БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **3,5%-ды** құрады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz